



# СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге !  
Абай.

*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*

Құрметті оқырмандар !

Виртуалды көрмеде 2015 жылы басылып шыққан гуманитарлық ғылымдар бойынша жаңа кітаптар қойылған. Әрбір пайдаланушы кітаптың сыртқы түрімен және толық аннотациясымен таныса алады.


Уважаемые читатели !

На виртуальной выставке представлена новая литература по гуманитарным наукам, изданная в 2015 году. Каждый пользователь имеет возможность познакомиться с внешним видом документов и развернутой аннотацией.



*Кітап -білім бұлағы!*

*Книга – источник знаний!*




Бұл оқулықта Қазақстан Республикасының демографиялық саясатының қалыптасу барысы мен жүзеге асуына кешенді саясаттанулық талдау жасалған. Жаһандану жағдайындағы демографиялық қауіпсіздікке қатерлер анықталынған.



60.74(5Каз)я73

М40 Мейірманов, С.Т. Демографиялық саясат: оқу құралы / С.Т. Мейірманов.- Алматы: Эверо, 2015.- 377б.




Әлеуметтану ғылымының негізгі парадигмалары мен теориялары, қағидалары мен әдістемелері, оның даму үрдстері мен негізгі ұғымдары көрсетіледі.



60.5я73

Б52 Биекенов, К.У. Әлеуметтану: оқулық / К.У. Биекенов,  
С.К.Биекенова, Г.А. Кенжакимова.- Алматы: Эверо, 2015.- 431 б.





Еңбекте ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан ғалымдар туралы әр жылдары автордың жазған мақалалары жинақталған.


Бірқатар зерттеушілердің еңбектері отандық тарихнамада автор тарапынан жүйелі түрде осы мақалаларда тұңғыш рет талданған болатын.

Автор тарапынан көне Қазақстан тарихын, археологиясын зерделеген мамандардың еңбектері ғылыми сараптамадан өтіп, олардың өткенге қатысты негізгі ой-пікірлері мен пайымдаулары бір ізге түсірілген.

63.3(5Каз)

Б17 Байгунаков, Д.С. Көне Қазақстанды зерттеген ғылымдар/  
Д.С. Байгунаков; ҚР БҒМ.- Алматы: Credos LTD С, 2015.- 175 б.





Танымал француз тарихшылары Ш.-В. Ланглуа және Ш. Сеньобостың 1898 жылы шыққан «Тарихты зерттеуге кіріспе» атты кітабы – қазіргі күннің өзінде тарихты зерттеудің методологиясы бойынша ең бір күшті құрал. Авторлар қызықты әрі айшықты тілмен жазылған осы еңбекті тек арнайы мамандар үшін ғана емес, сонымен қатар тарихқа қызығушылығы бар қауым мен тарихтың қалай жазылатынын және тарихшыларға қаншалықты сенуге болатынына көз жеткізгісі келетін көпшілікке арнаған. Бұл кітап бүгінгі таңда да Франция, Ұлыбритания, АҚШ және басқа да көптеген мемлекеттерде қайта жарыққа шығуда.

Біздің мемлекетімізде бұл еңбек алғаш рет жарыққа шығуда, аталған еңбек тіпті мамандар үшін де, көпшілік қауымды сөз етпегенде, қолжетімсіз болды.

63.0

Л18 Ланглуа, Ш.-В. Тарихты зерттеуге кіріспе (тарихтың методологиясы бойынша)/ Ш.-В. Ланглуа, Ш. Сеньобос; алғы сөзін және ауд. Б.А.Габдулина.- Астана: Фолиант, 2015.- 279 б. (Таным - Дария). ҚР БҒМ



Оқу құралында экономикалық ақпараттық жүйелер түсінігі, классификациясы, жаңа ақпараттық технологиялар түсінігі, жобалау әдістемесі, экономикадағы ақпараттық жүйелер мәселелері қарастырылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының «Ақпараттық жүйелер» мамандығы студенттеріне арналады.

65в631я73

К20 Карымсакова, И.Б. Экономикадағы ақпараттық жүйелер: оқу құралы / И.Б. Карымсакова; Смагулов С.К., Кайсанов С.Б.; Семей қ. Шәкәрім атынд. МУ.- Семей, 2015.- 91 б.



*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*



Оқу құралында экономикалық ақпараттық жүйелерде мәліметтерді талдау негізгі мәселелері, экономикалық ақпаратты өңдеу және талдау, әртүрлі экономикалық процестерді модельдеу мәселелері, электронды кестелер құралдары көмегімен ақпаратты талдау мәселелері қарастырылады.


Оқу құралы жоғары оқу орындарының «Ақпараттық жүйелер», «Информатика» мамандығы студенттеріне арналады.

65В631я73

К20 Карымсакова, И.Б. Экономикадағы ақпараттық жүйелерде мәліметтерді талдау: оқу құралы / И.Б. Карымсакова; Смагулов С.К.; Семей қ. Шәкәрім атынд. МУ.- Семей, 2015.- 111 б.








Бұл оқу құралында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайындағы өзекті мәселелеріне талдау жасалады. Әдістемелік және тұжырымдамалық сипаттағы: халықаралық қатынастар теориясы үлгілерінің жаһандану жағдайындағы түрленуі, Қазақстан Республикасының ұлттық және сыртқы саясатына көзқарастардың өзгеруі, оны зерттеп-білудің теориялық-әдістемелік және заңдық-құқықтық негіздері іспетті мәселелер қаралады.



66.3(5Каз)я73

Н86 Нұртазина, Р.Ә. Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты: [оқу құралы] / Р.Ә. Нұртазина.- Алматы: Бастау, 2015.- 299 б.



В учебнике представлен материал по четырем крупным блокам: общие подходы к использованию современных педагогических технологий; содержание ведущих технологий обучения, воспитания и управления образованием. Проанализированы достоинства и недостатки каждой технологии, охарактеризованы педагогические условия использования современных технологий в образовательном процессе вуза и школы. Изложение теоретического материала в учебнике сопровождается заданиями репродуктивного и творческого характера, что позволяет применять учебник для самообразования и самоконтроля.

74.00я73

3-13 Завалко, Н.А. Современные педагогические технологии:  
[учебник] / Н.А. Завалко, С.Г. Сахариева.- Алматы: Эверо, 2015.- 287 с.





Оқу құралында XIX-XX ғасырларда пайда болған мәдени антропологияның әртүрлі мектептері мен бағыттары, адам мен мәдениет құбылысын зерттеудегі қадымдар (эволюционизм, диффузионизм, құрылымдық-функционалдық талдау, биологиялық бағыт, психоаналитикалық бағыт, психологиялық бағыт) қарастырылады.

71.0я73

Ж69 Жолдыбаева, А.К. Мәдени антропология: негізгі мектептер және бағыттар: оқу құралы / А.К. Жолдыбаева, Қ.А. Затов.- Астана: Фолиант, 2015.- 151б.- (Жоғары білім).





Оқу құралда мектеп педагогикасының дәрістер оқу курсы жазылған. Оқу құралы дәріс түрінде, түсінікті, ғылыми, жүйелі, бірізді баяндалған.

Оқу құралы студенттерге және оқытушыларға арналған. Оқу құрал қайта өңделіп шығарылып отыр.



74.00я73

Д87 Дүйсембекова, Ш. Педагогика: [дәрістер курсы: оқу құралы] / Ш. Дүйсембекова; Семей қ. Шәкәрім атындағы МУ.- Семей: Интеллект, 2015.- 214 б.

*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*



Оқу әдістемелік құралда оқушыларға тәрбие беру ерекшеліктері қарастырылған. Оқу-әдістемелік құрал дәріс және тәжірибелік жұмыс түрінде, түсінікті, ғылыми, жүйелі, бірізді баяндалған.


Оқу-әдістемелік құрал оқушыларға, студенттерге және оқытушыларға арналған.

74.200я73

Д87 Дүйсембекова, Ш. Тәрбие үрдісінің ерекшеліктері: (оқу әдістемелік құрал) / Ш. Дүйсембекова; Семей қ. Шәкәрім атынд. МУ.- Семей: Интеллект, 2015.- 119б.  
ҚР БҒМ








Оқу құралы – көп жылғы ғылыми, оқытушылық тәжірибенің нәтижесі. Студенттердің, мұғалімдердің, ізденушілердің педагогикалық ғылыми жұмыстарының нәтижелерін математикалық статистика әдістері арқылы өңдеуге арналған көмекші оқу құралы.

Оқу құралында қысқаша математикалық теориялық берілген, практикалық мысалдар келтірілген, әр түрлі критерийлердің пайдалану әдістемелері көрсетілген.

74.00в631.8я73

К30      Кенжеғалиев, Қ.К. Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистика әдістерін қолдану: оқу құралы / Қ.К. Кенжеғалиев.  
Астана: Фолиант, 2015.- 165б.- (Жоғары білім). ҚР БҒМ





Ұсынылып отырған оқулықта математиканы оқытудың арнаулы әдістемесі мектеп математика курсының нақты материалдары негізінде жазылған. Кітапта студенттер мен мұғалімдерге арналған педагогикалық анықтамалық және білім мен білікті сынауға арналған тапсырмалар жауаптарымен берілген. Сондай-ақ, практикалық (семинарлық) сабақтар және студенттердің өзбетіндік жұмыстарының түрлері келтірілген.


74.262.21я73

E49 Елубаев, С. Математиканы оқыту әдістемесі: [оқулық] /  
С. Елубаев.-Алматы: Эверо, 2015.- 306 б.



*Кітап –білім бұлағы!*

*Книга – источник знаний!*



Оқу-әдістемелік құрал екі бөлімнен тұрады, оның бірінші бөлімінде оқушыларға физикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері баяндалады. Оқу-әдістемелік құралдың екінші бөлімінде физикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі қарастырылады.

Сонымен бірге, оқу-әдістемелік құралда физикалық ұғымдарды қалыптастыруды жетілдіру жолдары көрсетілген.

74.262.22я73

С93 Сыдықова, Ж.Қ. Физикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал / Ж.Қ. Сыдықова; Семей қ. Шәкәрім атынд. МУ; ҚР БҒМ.- Семей, 2015.- 67 б.





Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық 5В011600-”География” мамандығының типтік оқу бағдарламасына сәйкес жазылған.

Онда орта мектептерде оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуді түбегейлі жаңғырту, оқулықтарды жаңа мазмұнға көшу, оқыту құралдары мен әдістерін, жаңарту жағдайында географияны оқытудың теориялық және қолданбалы мәселелері қарастырылған. Оқулықта классикалық дәстүрлі әдістері мен географияны оқытудағы жаңа үдерістер үйлесім тапқан.

74.262.6я73

Г31 Географияны оқыту әдістемесі:оқулық/Тоқпанов Е.А.,Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.Қ.- Алматы: Эверо, 2015.- 409 б.








Оқу құралында сызба геометрия мен инженерлік графиканың теориясының, негізгі сұрақтары және өзіндік графикалық есептер, сонымен қатар студент білімін бақылауға арналған тесттік графикалық тапсырмалар қарастырылған. Кеңістікті көз алдына елестетуді графикалық бейнелеу құралдары арқылы қалыптастырудың және оқытудың заманауи технологиясын дамытатын және маңызды дидактикалық принциптерін есепке алуға ерекше көңіл аударылған.

Бұл басылымның мақсаты – студенттерге және оқушыға, білімгерлердің тұлға ретінде дамуына және олардың оқу барысындағы шығармашылығында өзін көрсетуге бағытталған дидактикалық жүйелер мен білім беру технологияларын игеруге көмек көрсету.

74.582.215я73

М79 Мусалимов, Т.Қ. Сызба геометрия мен инженерлік графика пәнін оқыту технологиясының негіздері: оқу құралы / Т.Қ. Мусалимов. - Астана: Фолиант, 2015.- 159б.- (Жоғары білім).






Оқу құралында бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындаудың теориялық негіздері, ғылыми таным әдістері, негізгі дидактикалық принциптері, ғалым мамандар дайындауды ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранттарына арналған оқу құралында болашақ ғалым педагогтарға жоғары оқу орнында студенттерге өнерді үйретудің педагогикалық проблемаларын шешу жолдары көрсетілген.

74.58я73

Е64 Ералин, Қ. Мамандыққа кіріспе: оқу құралы / Қ. Ералин.- Алматы: Эверо, 2015.- 227б.





В учебнике дана характеристика и раскрыта сущность народного воспитания, этнопедагогической культуры. Широко представлен региональный компонент. Изложение теоретического материала сопровождается заданиями репродуктивного и творческого характера, что позволяет применять учебник для самообразования и самоконтроля.

74.65я73

З-13      Завалко, Н.А. Этнопедагогика: [учебник] / Н.А. Завалко, С.Г. Сахариева.- Алматы: Эверо, 2015.- 254 с.






Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Оқу құралында қарастырылған әлеуметтік педагогикалық мәселелердің негізгі идеялары мен мазмұны тыңғылықты айқындалып, ғылыми дәрежесі көтерілген. Сонымен бірге оқу құралында пән мазмұнын дамытуға сай негізгі ұғымдар, тест сұрақтары, ғылыми және курстық жұмыс тақырыптары және үш деңгейге жіктелген қосымша әлеуметтік-педагогикалық тапсырмалар топтамасы берілген.

74.6я73

И22 Игибаева, А.К. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы /  
А.К. Игибаева, Б.Т. Абалакова, А.К. Козыбаева.- Алматы: Эверо,2015.- 251б.



Данное издание способствует развитию полиязычия. В разговорник включены такие темы, как “Знакомство”, “Путешествие”, “Покупки”, “В таможене”, “В банке”, “Развлечение. Отдых. Досуг” и т.д.

Дана транскрипция английских слов для тех, кто хочет самостоятельно изучить английский язык.



81.432.1-48

М13 Мажитаева, Ш.М. Русско-англо-казахский разговорник/  
Ш.М. Мажитаева, А.А. Мухаметкалиева.- Алматы: Эверо, 2015.- 110 с.



Оқу құралы тіл білімінің диалектология саласының мәселелеріне арналып, оның практикалық жақтарын толық қамтуға арналған. Білім алушылардың осы курс бойынша тәжірибелік дағдыларын, білім қорларын қалыптастырып, тіліміздегі жалпыхалықтық ерекшеліктер мен сөйлесу тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің әдеби тілге қатысын анықтауға септігін тигізеді.

Еңбектің арнаулы тарауларында тіл мамандарының ізденушілігін арттыру мақсатында қазақ диалектологиясы тарихынан шолу түріндегі деректермен бірге пәннің теориялық жақтарын оқу-әдістемелік, тәжірибелік тұрғыдан талдауға арналған тапсырмалар, өзіндік жұмыстар, бақылау тапсырмалары, тестілер, т.б. берілген.

81.632.4-923

М86 Мұхамбетов, Ж. Қазақ диалектологиясы: оқу құралы / Ж. Мұхамбетов.- Астана: Фолиант, 2015.- 391 б.- (Жоғары білім).





Кітапта функционалды-коммуникативтік синтаксистің ғылыми-теориялық негіздері, зерттеу әдістемесі, негізгі бағыттары мен даму үрдістері оқу құралына лайықты тілмен баяндалады.

Студенттердің семинар сабақтарының тақырыптары мен өз бетімен орындайтын жұмыстарының түрлері, қажетті әдебиеттер беріледі.

81.632.4-923

Ш21 Шалабай, Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі: оқу құралы / Б. Шалабай; Әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық ун-ті.- Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 135 б.




Монографияда қазіргі қазақ тіліндегі терминжасам жүйесінің теориялық негіздері терминология теориясына сүйене отырып анықталып, терминжасамның жалпы ғылыми сипаты, терминдердің өзіндік ерекшеліктері, терминжасам тәсілдері арқылы жасалған терминдердің құрылымы мен құрылысы қарастырылған.

81.632.4-34

M18 Мамаева, Г. Қазақ тілінің терминжасам жүйесі:  
монография / Г. Мамаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 266 б.






Учебное пособие представляет собой конспект лекции по элективному курсу “Абаеведение”, в программном содержании которого раскрывается материалы о творческом наследии Абая, об истории исследований его творчества и современных проблемах абаеведения как отрасли литературоведения. К учебному пособию прилагаются избранные стихи и поэмы Абая, его слова назидания, а также статьи о жизни и творчестве великого казахского поэта и мыслителя.

83.3(5Каз)я73

К17 Калдыбаев, Т. Абаеведение: учеб. пособие для студентов пед. спец., магистрантов и специалистов по истории литературы / Т. Калдыбаев.- Алматы: Эверо, 2015.- 295 с.




Оқу құралында Абайдың ақындық мұрасы жаңа таныммен қарастырылады. Абай дәстүрінің Алаш әдебиетіндегі жалғастығы жан жақты сараланады. Еңбек абайтану ғылымындағы көкейкесті мәселелерге арналған.

83.3(5Каз)я73

К20            Картаева, А.М. Абайтану: оқу құралы / А.М. Картаева.-  
Алматы: Эверо, 2015.- 269 б.





Алдарыңыздағы кітап ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналып отыр.

Ол ғұлама Мұхтар Әуезовтің зерттеулеріне негізделді. Кітапта абайтанудың кеңестік идеология жағдайында ашылмай келген қырлары сөз етіледі. Зерттеу еңбек бұрын белгісіз естеліктер, архивтік деректер және қызғылықты фактілер мейлінше мол болуымен де құнды.

Бұл кітап ең алдымен “Абайтану” пәніне көмекші құрал. Студенттерге, мектеп мұғалімдері мен оқушыларына, сондай-ақ, Абай Құнанбайұлының ғұмырнамасын тереңдеп танып-білуге қызыққан барша абайсүйер қаумға арналып отыр.


83.3(5Каз)

О-58 Омаров, А.Қ. Абай: ашылмай келген қырлары: монография (М.Әуезовтің зерттеулері негізінде) / А.Қ. Омаров.- Семей: Интеллект, 2015.- 264б.- (Абай қоры).



*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*



Абай Құнанбайұлының шығармалары мен қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Абай - ой мен сөз бостандығының символына айналды. Қазақтың идеалы – Абай. Кітапта оның қара сөздерінде көтерілген мәселелерді ХХІ ғасырда іске асыру тетіктері айқындалған.

Сондай-ақ, қазақ еліне, жалпы өркениетке елеулі үлес қосқан әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Абылай хан, Дінмұхамед Қонаев сияқты 30-ға жуық тарихи ұлы тұлғалар туралы қысқаша мәлімет беріледі.

83.3(5Каз)

С28 Сәбден, О. Абай және қазақ болашағы (Қара сөздерін ХХІ ғасырда іске асыру тетіктері); Тарихи ұлы тұлғалар/ О. Сәбден; Қазақстан ғалымдар одағы.- Алматы, 2015.- 165 б.

*Кітап -білім бұлағы!*

*Книга – источник знаний!*



Ғылым мен техника-технологиялық өрлеудің дәуірлеп тұрған қазіргідей тұсында қоғам мүшелерінің миын ғана дамытумен шектелмей жастардың жүрегін жібітіп, көңілін жайландырудың, адами қасиеттерін қалыптастырудың маңызы зор. Оған елеулі ықпал ететін негізгі тетіктің бірі – “Абайтану дәрістері” пәні.

ЖОО студенттеріне арнап, ұсынылып отырған оқулық көрнекті ақын, ұлтымыздың дана ойшылы Абай Құнанбайұлының адамгершілік жайлы өсиеттерін келешек ұрпақтың санасына сіңіруді көздейді.

83.3(5Каз)я73

Ш22 Шамахайұлы, Қ. Абайтану дәрістері. Т.1: [оқулық] / Қ. Шамахайұлы.- Алматы: Эверо, 2015.- 256 б.

*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*



Оқу құралында қазақ әдебиеті, ондағы жанрлар жүйесі, тақырыптық – көркемдік ерекшеліктер, тілдік-стильдік сипаттар жан-жақты қарастырылады. Дәрістер мен практикалық сабақтарда ұлттық сөз өнерінің жетекші жанрлары - поэзия, проза, драматургия, әдебиеттану, сын саласындағы ізденіс мұраттары, көзқарас пен қолтаңба ерекшеліктері, тақырыптық-жанрлық сипаттар, көркемдік-эстетикалық құндылықтар сөз етіледі.

Кітапта білім-ғылым жүйесінің қазіргі кезеңдегі бағыт-бағдарлары, әр алуан ізденістер мен іргелі зерттеулер табиғатты, көзқарастар мен тәжірибелер тағылымына кең орын беріледі.

83.3(5Каз)я73

Т86 Тұрысбек, Р. Қазіргі әдебиет: оқу құралы / Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова.- Алматы: Эверо, 2015.- 386 б.



Оқу құралы XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының іргелі мәселелері мен сол дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығы және жазба жәдігерліктер туралы зерттеулерден тұрады.

Еңбек ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, 5B020500 филология, 5B011700 қазақ тілі мен әдебиеті, 5B012100 басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттеріне, қазақ әдебиеті тарихын білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған.

83.3(5Каз)я73


T53 Тоқсамбаева, А. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: оқу құралы / А. Тоқсамбаева.- Астана: Фолиант, 2015.- 303 б.- (Жоғары білім).





*Кітап -білім бұлағы !*

*Книга – источник знаний !*



Оқулықта қазақ балалар әдебиетінің пайда болу, қалыптасу кезеңдерінен бастап 90 жылдарға дейінгі тарихы ұсынылады. Қазақ балалар әдебиеті ұлттық мәдениетіміздің даму процесінің жанды бөлігі ретінде қарастырылады.

Кітапта көп жылдар бойы оқулықтарға аттары еңгізілмеген ақын-жазушылардың шығармашылығына да орын берілген.

83.8(5Каз)я73

Р90 Рүстемова, Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті: оқулық /  
Ж.А. Рүстемова.- Алматы: Эверо, 2015.- 269 б.





*Кітап -білім бұлағы!*

*Книга – источник знаний!*



Төрт бөлімнен тұратын аталған оқу құралында хормен және жеке ән айту өнерінің негізгі мәселелері, оларды меңгеру әдістемелері, типтік бағдарламаға сәйкес музыкалық материалдар және жаттығулары берілген.



85.314я73

Қ41 Қарамолдаева, Д.О. Вокалды-хор тәрбиесі: оқу құралы / Д.О. Қарамолдаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 124 б.

*Кітап -білім бұлағы !*


*Книга – источник знаний !*



Оқу құралында эстрадалық музыка, оның қалыптасуы мен дамуы, әр түрлі бағыттары, бір-бірімен сабақтастығы, отандық эстрадалық өнер, оның дамуында елеулі орын алған вокалды-аспаптық ансамбльдер тарихи тұрғыда қарастырылады.

85.364.1я73

Қ41 Қарамолдаева, Д.О. Эстрадалық музыка: оқу құралы / Д.О. Қарамолдаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 130 б.



Бұл оқу құралы бейнелеу өнерінің негізі саналатын сурет өнеріне оқу және қоршаған ортаның болмысын бейнелеу арқылы зерттеу мен меңгеру жолдарын білуді көздейді. Теориялық білімді оқып-үйрену тәжірибелерімен ұштастыра білуге және сурет өнерінің түрлері мен әдістерін меңгеруге жол сілтейді.



85.154я73

Ө-84      Өтепбаев, Н.Н. Академиялық сурет: оқу құралы / Н.Н. Өтепбаев.  
Алматы: Эверо, 2015.- 263б.

*Кітап -білім бұлағы!*

*Книга – источник знаний!*



Сурет өнеріне оқып-үйрену практикасында студенттерге, оқушыларға әр түрлі материалдардың сапалық қасиетін білумен бірге олардың сан алуан техникасын шебер меңгеру міндеттері жүктеледі.


Бұл оқу құралында дәстүрлі сурет материалдары графит, сангина, көмір, қаламұш, қылқалам, соус және пастельдің техникасын іс жүзінде меңгеру және әдістері мен тәсілдері туралы пайдалы мағұлматтар беріледі.



85.15я73

Ө84           Өтепбаев, Н.Н. Графика өнерінің түрлері орындалу техникасы және мәнері: оқу құралы / Н.Н. Өтепбаев, Қ.О. Жеделов; ҚР БҒМ.- Алматы,2015.- 91 б.





Ақиқат дегеніміз процесс. Қандай да бір философия болмасын ол тарихи нақтылы дәуірдің өзіндік санасының бейнесі болады. Философияны немесе ой тарихын зерттеу үшін танымның негізгі принциптерін естен шығармау керек: абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу тәсілі, логикалық пен тарихилық бірлігі, жеке, ерекше және әмбебаптылық, қайшылық пен даму, нақтылы тарихылық принциптері. Философияның түбегейлі көрінісі ойлау туралы ойлау болғандықтан, бұл кітапта философия ілімі және оның тарихындағы ойлаудың маңызды кезеңдерінің логикасы қарастырылды.


Бұл кітап автордың ЖОО-да оқыған лекция дәрістерінің қысқаша нұсқасы.

87я73

И48

Иманқұл, Н. Іліми философия: [дәрістер] / Н. Иманқұл.- Алматы: Эверо, 2015.- 367 б.





Монографияда оқу жылдамдығын арттырудың жоғарғы психикалық функциялардың дамуына байланысты жеке тұлғаның қалыптасуы тәрбиелеу және оқыту мотивациясы, психологиялық-педагогикалық негіздерінің дамуы зерттелінді. Жоғарғы психикалық функциялардың жеке тұлғаның және психологиялық-педагогикалық негіздерінің даму жүйесін анықтауға арналған.

Монографияда жоғары психикалық функциялардың қалыптасу үрдісі жылдар бойына созылатындығының психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылған.

88.8

С23 Сатиева, Ш.С. Жеке тұлғаның оқу жылдамдығын арттыруды қалыптастырудың психологиялық- педагогикалық негіздері/ Ш.С. Сатиева.-Семей, 2015.- 391 б.

*Назарларыңызға рахмет !*



*Дайындаған : Ж.Т.Кусаинова*